

Экономикасы тоқыраған аудандарға көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 11 мамыр N 561

Экономикасы тоқыраған аудандарға көрсетілетін мемлекеттік көмектің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес Экономикасы тоқыраған аудандардың тізбесі бекітілсін.
2. 2-қосымшаға сәйкес Экономикасы тоқыраған аудандарда республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 1999-2000 жылдарда іске асыру жоспарланып отырған инвестициялық жоспарлардың тізбесі мақұлданын.
3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:
 - 1) жоғарыда көрсетілген аудандардың шаруашылықтарын реформалауға және қаржылай сауықтыруға көмек көрсетсін;
 - 2) 1999 жылдың 15 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы аудандарда сауда-сатып алу және дайындау ұйымдарының жүйесін, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехтарын құру жөнінде ұсыныс енгізісін.
4. "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамына тендерлік негізде экономикасы тоқыраған аудандарда орналасқан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінен ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуды ұйымдастыру үшін 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін мерзіммен сыйқақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша 50000000 (елу миллион) теңге көлемінде несие қаражатын бөлу ұсынылсын.
5. Облыстардың әкімдері қаржыландырудың көзін айқындай отырып, экономикасы тоқыраған аудандардың елді мекендерін энергиямен қамтамасыз ету жөнінде бағдарлама әзірлесін және бекітсін, олардың бір бөлігін дербес жылумен және электрмен қамтамасыз етуге аударудың қажеттілігін негіздесін және 1999 жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне келісуге ұ с ы н с ы н .

6

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.10.08. N 1542 қаулысымен. Р 9 9 1 5 4 2 _

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі бірінші кезекті тәртіппен экономикасы тоқыраған аудандарға туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектер, жаңа туған сәбилерді иммунизациялау үшін "В" гепатитіне қарсы вакциналарды, санитарлық автокөлік, медициналық жабдықтар бөлуді қамтамасыз е т с і н .

8. Облыстардың әкімдері заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) 1999 жылдың 1 маусымына дейін экономикасы тоқыраған аудандардағы мемлекеттік мекемелердің жалақысы бойынша және балалары бар отбасыларға жәрдемақылар бойынша борыштарды өтесін;

2) 1999 жылдың 1 маусымына дейін меншіктің коммуналдық нысанындағы қаржылық дәрменсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарының банкроттығы, оларды оңалту және санациялау ресімдерін жүргізуді аяқтасын;

3) әлеуметтік сала объектілерін жергілікті бюджеттердің балансына беруді жалғастырсын;

4) 1999 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетімен бірлесіп 2-қосымшаға сәйкес экономикасы тоқыраған аудандарда 2000 жылы іске асыру жоспарланып отырған объектілердің құрылысын салудың жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуді және Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігіне ұсынуды қамтамасыз етсін;

5) 1999 жылы экономикасы тоқыраған аудандарда орналасқан тауар өндірушілерінен ауыл шаруашылығы өнімдерін басымдықпен мемлекеттік сатып алуды қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрі Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 11 мамырдағы
N 561 қаулысымен
бекітілген

Экономикасы тоқыраған аудандардың

Тізбесі

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы
Жарқайың ауданы
Қорғалжын ауданы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы

Алматы облысы Ақсу ауданы
Райымбек ауданы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы
Тарбағатай ауданы
Үржар ауданы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы
Мойынқұм ауданы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы
Орда ауданы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы
Ұлытау ауданы

Қызылорда облысы Арал ауданы
Қазалы ауданы

Қостанай облысы Амангелді ауданы
Жангелдин ауданы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы
Май ауданы

Солтүстік Қазақстан Жамбыл ауданы

Уәлиханов ауданы

Оңтүстік Қазақстан Отырар ауданы

Созақ ауданы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 11 мамырдағы
N 561 қаулысымен
мақұлданған

Экономикасы тоқыраған аудандарда 1999-2000 жылдарда республикалық бюджеттің қаражаты есебінен іске асыру жоспарланып отырған инвестициялық жобалардың тізбесі

N	Инвестициялық жобаның атауы	Жобаның құны	Жобаны әзірлеу мерзімі	Жобаны іске асыру мерзімі
	Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы:			
1	"Айырқызыл-Ырғыз-Нұра-Дүкен" желілік су құбыры жүйесін қайта жаңарту.	20 млн.теңге	1999 жыл	2000 жыл
	Атырау облысы Қызылқоға ауданы:			
2	"Индер-Миялы" су құбыры бөлігін және "Миялы" "Тайсойған" ауылдарында орналасқан су скважиналарын қайта жаңарту. Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы:	50 млн.теңге	1999 жыл	2000 жыл
3	Арқат, Қасқабұлақ, Құндызды, Медеу және Кеңгірбай ауылдарындағы су құбыры желілерін жөндеу.	7 млн. теңге	1999 жыл	2000 жыл
	Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы:			
4	Жарлы суағарының құрылысын аяқтау.	8 млн. теңге	1999 жыл	2000 жыл

5	Қарағайлы кентінде су құбыры желісін қайта жаңарту.	25 млн.теңге	1999 жыл	2000 жыл
	Қызылорда облысы, Арал және Қазалы аудандары:			
6	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын және оған жалғанған тармақтарды қайта жаңарту.	15 млн.теңге	жобасы	1999 жыл
			бар	
7	Қызылорда оң жағалау топтық су құбырының құрылысы.	33 млн.теңге	жобасы	1999 жыл
			бар	
8	"Жаңақазалы" кентіндегі 7 "А" сору станциясын қайта жаңарту.	13 млн.теңге	жобасы	1999 жыл
	Павлодар облысы, Май ауданы:			
9	Май топтық су құбырын қайта жаңарту.	25 млн.теңге	1999 жыл	2000 жыл
	Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы:			
10	Әл-Фараби кентінде 1266 орындық мектептің құрылысын аяқтау.	30 млн.теңге	1999 жыл	2000 жыл
11	Шәуілдір суағарының бірінші қосу кешені Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы:	10 млн.теңге	жобасы	1999 жыл
			бар	
12	"Шолақорған" кентінде аудандық аурухананың құрылысын аяқтау	70 млн.теңге	1999 жыл	2000 жыл
	Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы:			
13	Беловод топтық су құбырын қайта жаңарту	10 млн.теңге	жобасы	1999 жыл
			бар	

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК